

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Аманқарағай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қаңтарда № 8870 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69 -бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Әулиекөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Аманқарағай ауылдық округі Аманқарағай ауылдың аумағында орналасқан жалпы көлемі 3,0259 гектар жер участкеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Аманқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әулиекөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімінің уақытша міндетін атқарушы

Б. Исмаилов